


Затқали Естемесов –
студенттік жылдары-
нан бастап ғылыми
жұмысқа ден қойып, өз
саласының шынына
шыққан ғалым. Ол
Қазақ химия техноло-
гия институтында
инженер-құрылышы
мамандығын алды.
Оқыл жүрген кезінде-
ак студенттік ғылыми-
зерттеу жұмыстарымен
айналысып, өзінің
еңбеккорлығымен,
іздептімпаздығымен
дарапанды.



Затқали нағыз зат жігіт еді

Институтты бітірген соң Алматы қаласындағы «НИИст-ромпроект» институтына жұмысқа қабылданып, белгілі ғалымдар Қ.Куатбаев, Ә.Аяпов басқарған ғылыми ортада үлкен тәжірибе жинақтап, кандидаттық диссертациясын қоргады.

З.Естемесов 1993 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, 1994 жылы білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен «Құрылыш» мамандығы бойынша профессор атағына ие болды. Ресей федерациясының «Силикат және қын балқитын бейметалл» материалдары технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды.

Ғалымның ғылыми еңбектері республика қөлемінде ғана емес, алғыс-жақын шетелдерде де мойындалып, жоғары бағаға ие болды.

Оған жарық көрген 500-ден астам ғылыми еңбегі, 12 монографиясы, 47 жобасына берілген авторлық күөлік және патенттер дәлел болады. Ерекше атаптаптің фундаменталды монографиялары «Портландцемент клинкері» – (1200 бет), «Алюмоシリкатты

материалдармен цемент тасының кристаллографиясы» – (650 бет), «Портландцемент» – (1250 бет) баспаға дайындалған еді. Затқали Айранбайұлының ғылыми зерттеу саласына, жоғары оқу орнына жоғары дәрежелі кадрларды даярлаудағы еңбегінің көрсеткіші – 15 ғылым докторы, 30 ғылым кандидатын даярлауымен ерекшеленеді.

Кезінде Затқали Естемесовтің студенттік ғылыми жұмысына жетекшілік еткен ұстазы ретінде ёстелік жазғанды жөн санадым. Ол бірнеше кандидаттық, докторлық кеңестердің мүшесі болды. Өмірінің соңына дейін Алматы қаласындағы құрылыш материалдарын сертификаттау зертханасында («ЦелСИМ») бас директор қызметін атқарды. Оның артында қалдырган ғылыми мұрасы құрылыш саласы мамандары үшін әлі де талай жылдар бойы ғылыми азық болатыны сөзсіз.

Ә.БАЙБӨЛЕКОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың құрылыш
материалдары және
құрылыштағы сараптама
кафедрасының
профессоры.